

Қызылорда облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 27 қазандағы № 57 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 қарашада № 8461-11 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қызылорда облыстық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 301 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5193 болып тіркелген);

2) ""Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 301 шешіміне өзгерістер енгізу туралы"" Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 14 шілдедегі № 133 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5919 болып тіркелген).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы

Н. Байкадамов